



### ҰЛТТЫҢ ИММУНДЫҚ ПОРТРЕТІ ҚАНДАЙ?

5-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



### ІРГЕНДІ ҚЫМТАМАСАҢ, ҚАУІП КЕЛЕДІ

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



### ТАРИХТЫҢ ҚАТАЛ САБАҚТАРЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Еліміздің экономикасы сын-қатерлерге төтеп беріп жатыр деуге болады. Қазір халықаралық институттар әлемдік экономика қарқыны бәсеңдейді деген болжам айтуда. Соған сәйкес, инфляция жаппай өсуі мүмкін. Өңірлік дағдарыстың ұзаққа созылып бара жатқанын байқап отырмыз. Тіпті бұл ахуал жаһандық тоқырауға ұшыратады деген қауіп бар. Осындай жағдайда Үкіметтің және Ұлттық банктің негізгі міндеті инфляцияны тұрақтандырып, азаматтардың табысын арттыру болуға тиіс.

№92  
(4370)  
Сенбі  
6 тамыз  
2022 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




## ӨШПЕС ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Аты аңызға айналған ұшқыш Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына орай елордада батыр ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Батырдың туған күніне орайластырылған іс-шара екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленген, аңызға айналған ұшқышты бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды.

**3**

## АЗИЯНЫҢ АЛТЫНЫ

Нұр-Сұлтан қаласында дзюдо күресінен өтіп жатқан Азия чемпионатында қазақстандық дзюдошы Данияр Шамшаев алтын медаль жеңіп алды.

73 келі салмақта сынға түскен отандасымыз финалда Өзбекстан балуаны Муроджон Юлдашевті дзюдоның ең әдемі әдісі – «иппонға» түсірді. Әзірге екі күннің нәтижесінде Қазақстан құрамасының қоржынына бір алтын, бір күміс және екі қола медаль түсті. Чемпионат бүгін және ертең де жалғасады.

(Соңы 8-бетте)




**МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ БАЙЛЫҒЫ**

СЕРТИФИКАТ  
«Мерейлі отбасы-2022» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің жеңімпазына  
**1 000 000**  
теңге

**2**

## МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ БАЙЛЫҒЫ

Елордалық амфитеатрда «Мерейлі отбасы-2022» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің жеңімпаздары марапатталды. Отбасы құндылықтарын дәріптейтін байқауда Нұр-Сұлтан қаласынан биыл 151 отбасы бақ сынады.

### ELORDA.INFO САУАЛНАМАСЫ

ОТБАСЫЛЫҚ БЮДЖЕТІҢІЗДІҢ ҚАНША БӨЛІГІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚҚА ЖҰМСАЛАДЫ?

8%	Бюджеттің түгелге жуық бөлігі кетеді. Жыл сайын киім-кешектер мен оқу құралдары қымбаттауда
84%	Қомақты бөлігі. Дайындық ардайым қалтаға салмақ түсіреді
8%	Бұл – дәстүрлі шығындар, бақытымызға қарай, біздің отбасылық бюджетімізге аса қатты әсер етпейді
0%	Маған бәрібір, менің балаларым мектеп бітіріп қойған
0%	Өз жауап нұсқаңыз (комментарий)

Elorda.info ақпараттық порталы жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижесі.

## ТӨЛ МЕРЕКЕҢМЕН, ТЕМІРЖОЛШЫ!

Жылдағы дәстүр бойынша тамыздың бірінші жексенбісінде Қазақстан теміржолшылары кәсіби мерекесін атап өтеді. Биыл көлік қызметкерлерінің күні 7 тамызға түсіп тұр. Бұл – жыл он екі ай ыстыққа күйіп, суыққа тоңып жүріп, шойын жолдың бойында еңбек ететін, сан миллиондаған тонна жүк пен мыңдаған жолаушыны тасымалдауда қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ететін осы бір жанкешті кәсіп иелерінің ерен еңбегі еленетін, құшақ гүлге толып, ақ тілек ағылатын және құрмет пен қошеметке кенелетін күн.

(Соңы 4-бетте)





# МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ БАЙЛЫҒЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы биыл сегізінші жыл қатарынан өткізіліп отыр. Жыл сайын байқау үш деңгейде (аудандық, облыстық және республикалық) ұйымдастырылып келеді. Дәстүрге айналған ұлттық байқаудың негізгі мақсаты – еліміздегі үлгілі жанұяларды дәріптеп қана қоймай, олардың өнегелі өмірін кейінгі жастарға кеңінен насихаттау, отбасы институтын нығайту, ата-ананың

ты іс. Осы қағиданың бір тармағы ретінде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауын айтуға болады. Жалпы байқауға қатысуға ниет танытып отырған отбасылар қатары жылдан-жылға артып келеді. Бұл, әрине, қуантарлық жағдай. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің атынан бүгінгі іс-шараға қатысқан отбасыларды құттықтау – айрықша сезім. Өз басым әр отбасы жеңімпаз атануға лайық деп білемін. Өнегелі әке, ақылды ана, ұлағатты ұрпақ – үздіктерді анықтауда негізге алынған үш маңызды талап осы. Үздіктер қатарына еңбек жолында, спортта,

Байқаудың II орны екі әулетке табысталды. Оның бірін 5 ұл, 5 қыз тәрбиелеп отырған Әуеловтер әулеті иеленді. Елмира Әуелованың айтуынша, «Мерейлі отбасы» – берері мол байқау. «Бұл іс-шараның үздігі атанғанымызға шын қуаныштымыз. Он баланың анасы ретінде өскелең ұрпаққа өнегелі тәрбие беру маңызды. Осы ұстанымды отбасымыз ту етіп ұстап келеді. Жалпы елімізде мерейлі үстем үлгілі отбасылар көп бола берсін дегім келеді» дейді Е.Әуелова.

Екінші орын әлеуметтік қорғау саласында қызмет етіп жүрген Олжабаевтар отбасына табыс етті. Талғат пен Әсел Олжабаевтар Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қамқор» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында жұмыс істейді. Шаңырақ көтергендеріне – 22 жыл. Әулеттің анасы 2022 жылы «Алтын алқа» иегері атанды. Отбасында бес ұл, екі қыз тәрбиеленіп жатыр. Олжабаевтар отбасы спорттық жарыстарға, шығармашылық зияткерлік ғылыми іс-шараларға белсенді қатысуымен ерекшеленеді. Қатарынан оза шапқан Олжабаевтар әулетінің ұлы Шерхан 5-сыныпта «Қымыздың пайдасы неде?» атты тақырыппен ғылыми жоба қорғап, 2-орынды иеленді.

Үздік үштікке екі бірдей көпбалалы отбасы лайық деп танылды. Оның алғашқысы – Жүнісбековтер әулеті, екіншісі – Айтқұловтар отбасы. Жүнісбековтер әулетінің отағасы Жаңабай мырза мектеп мұғалімі болып жұмыс істеген, ал қазіргі таңда жеке кәсіппен айналысады. Зайыбы Жәмила Сәтбайқызы – «УМС» корпоративтік қорының медбикесі. Отандасқандарына 30 жыл толған отбасы 6 бала тәрбиелеп отыр.



бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру.

Байқау жеңімпаздарын елорда әкімінің орынбасары Есет Байкен, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Салтанат Тұрсынбекова, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Саркенова, Нұр-Сұлтан қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабаұратов пен «Мерейлі отбасы-2021» ұлттық байқауының жеңімпазы Алма Сайлауқызы марапаттады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен жеңімпаздарды құттықтап, отбасы құндылықтарын берік ұстанған әулеттерге ризашылығын білдіріп, құрметін жеткізді. «Өнегелі ұрпақ – ел тұтқасы. Мемлекет басшысының «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» қағидасы негізінде отбасы институтын дамыту мәселесі – әкімдіктің алдында тұрған жауап-

шығармашылықта үлкен жетістікке жеткен отбасылар іріктелді» деді Есет Байкен.

Комиссия шешімімен жүлделі I орын отау құрғандарына 13 жыл толған Сағитовтар отбасына бұйырды. Дулат пен Айнагүл – алты баланың ата-анасы. Дулат Сағитов – мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған паралимпиадалық жаттығу орталығының, сондай-ақ Астаналық цирк қызметкері. Ал жұбайы – «Mega road» ЖШС кадрлар бөлімінің басшысы. Татулығы жарасқан отбасының үлкен ұлы «Астана» хоккей клубында спорттық мансабын бастаса, қыздары республикалық би жарыстарының жүлдегері атанып отыр.

«Тұңғыш баламыз дүниеге келгенде, біз үлкен сынақтан өттік. Бірақ сыйластықтың, бірліктің, бір-бірімізге деген сүйіспеншіліктің арқасында бұл қиындықты артқа тастап, жеңіп шықтық. Біз әр отбасы жеңіске лайық деп ойлаймыз. Себебі әр отбасында болашақ ұрпақ тәрбиеленіп отыр. Осындай байқаулардың жыл сайын өткізіліп тұратыны қуантады» дейді жеңімпаз Сағитовтар отағасы.

Адалдық пен мейірімділікті өмірлік ұстанымына айналдырған Айтқұловтар әулеті – өнерлі отбасы. Отағасы Естай мен жұбайы Айнұр Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның әртістері, күйші, қобызшы. Жеті баланы тәрбиелеп отыр. Балалары Қазақ ұлттық өнер университетінің қылқобыз, жыршы-термеші мамандықтары бойынша білім алууда.

Естай Айтқұлов аталмыш байқаудың маңызын айта отырып, өзінің қуанышымен бөлісті.

«Отан – отбасынан басталады» демекші, ұлтымыздың болашағы үшін патриотты ұл-қыздарымызды тәрбиелеп отырған, үлгілі елдің тұтқасы болар отбасылардың барлығын мерейлі отбасы деп атауға болады. Бұл байқау қоғам өмірінде маңызды рөл алады. Себебі әр отбасына демеу болып, сәл де болса қуаныш сыйлау – үлкен іс. Сондықтан жеңімпаз болып жатқанымызға қуаныштымын. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамын» дейді күйші.

Сондай-ақ қалалық кезеңнің жеңімпаздары атанған отбасыларға қаржылай сыйлық берілді. I орынға – 1000000 теңге, II орын иегеріне – 700000 теңге, III орынға 500000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды.

Ал байқауға қатысқан 10 отбасы номинациялар бойынша диплом мен бағалы сыйлыққа ие болды. Атап айтқанда, «Жас отбасы» номинациясын – шығармашыл Әуезовтер әулеті, «Берекелі отбасы» номинациясын – үлгілі деп танылған Серікбаевтар әулеті, «Салауатты отбасы» номинациясын – болашақ спортшыларды тәрбиелеп отырған Рузахановтар әулеті, «Ұлағатты отбасы» номинациясын – салауатты өмір салтын ұстанған Жақыповтар әулеті, «Қайсар отбасы» номинациясын – жас полиглоттарды өсіріп отырған Бұзауовтар әулеті, «Үлгілі отбасы» номинациясын – Нұрғалиевтер әулеті, «Өнегелі отбасы» номинациясын – Айтқожиндер әулеті, «Қайырымды отбасы» номинациясын – Құсайыновтар әулеті, «Дарынды отбасы» номинациясын – Ержұмановтар әулеті, «Шығармашы отбасы» номинациясын Пташинскийлер әулеті иеленді.

Марапаттау рәсімінен кейін жиналған отбасыларға концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Байқау лауреаттарын марапаттау рәсімі жыл сайын қыркүйек айында, Отбасы күні қарсаңында салтанатты түрде өтеді.

Индира БЕРЖАНОВА



Елорда әкімі Алтай Көлгінов дизайн-кодтың қаланың келбетін қалай өзгертетінін айтты.

## ЕЛОРДА КЕЛБЕТІН ДИЗАЙН-КОД КӨРКЕЙТЕДІ

«Елорданың сәулеттік келбетін жетілдіруді жалғастырып жатырмыз. Мысалы, егер 10 жыл бұрын құрылыс компаниялары алюминий, керамогранит және басқа да материалдарды белсенді қолданса, олар алғашқы бірнеше жылда өрт қауіпсіздігі бойынша проблемалар туындатып, плиткалар ұшып кете бастаған болса, бүгінде құрылыс компанияларының көпшілігінде заманауи шешімдер бар. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылымдау және бірыңғай сәулет тұжырымдамасы үшін біз дизайн-кодты әзірлеп, қабылдадық.

Қазір дизайн-код – барлық қажетті шешімдері бар конструктор: сәулет ансамбліне сәйкестік, ТК қасбетін әрлеу бойынша технологиялық шешімдер, бірыңғай түс гаммасы, стилистикалық бірыңғай, ыңғайлы және қауіпсіз қалалық ортаны қалыптастыру (жаяу жүргіншілер үшін кедергісіз орта, кіру топтарының құрылысы), жарнамамен бірыңғай стили орналастыру, демалыс аймақтарын ұйымдастыру және т. б. барлық осы мәселе-



лер қаланың құрылыс компанияларының өкілдерімен талқыланды. Соның ішінде үй құрылысының сапасы мәселелеріне жеке тоқталдық.

Мысалы, дизайн-код ережелері халық арасында қисайған балкондары бар үй ретінде танымал болған «Орбита» қауіпті ТК, жел кезінде ұшатын плиталарымен «танымал болған» «Территория комфорта-2» ТК реконструкциялау кезінде де қолданылды және тұрғындарға қауіп төндірді. Қалада мұндай үйлер әлі де бар, оларды кезең-кезеңімен, соның ішінде тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасы арқылы ретке келтіреміз.

Тағы бір маңызды мәселе – әлеуметтік инфрақұрылым. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына біз осы бағытты бекіттік, ауданда (шағын аудандарда) міндетті түрде оқу орындары, балабақшалар, «үйдегі дәрігер» нысандары, абаттандырылған аула аумақтары және басқа да маңызды әлеуметтік объектілер болуы тиіс. Аудандарды «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында абаттандырамыз. Соңғы жылдары біз 750-ге жуық аула мен қоғамдық кеңістікті (саябақ, сквер, бульвар) абаттандырдық. Себебі бос уақытты үйдің жанында, көгалдандырылған, денсаулыққа пайдалы жерде өткізу өте маңызды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда» деді Алтай Көлгінов өзінің жазбасында.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Климаттың өзгеруі әлемге қауіп төндірді түр.**

Кембридж университетінің ғалымдары осындай қорытынды жасады. Мамандар мұны ауа температурасының үздіксіз көтеріліп жатқанымен байланыстырады. Қолайсыз ауа райынан әлемде белгісіз дерт белең алуы әбден мүмкін. Соның салдарынан Жер шарында егістік алқаптары азайып, тіршілік иелерінің, соның ішінде адамзат баласының мекендейтін жері де қысқарады.



**5 айда әлемде 250 млн адам шетелге саяхаттаған.**

Бұл ең алдымен шектеу шараларының алынуымен байланысты. Десе де сарапшылар әлемдегі геосаяси ахуал мен инфляция саланың тез қалпына келуіне кері әсер етіп отырғанын айтады. 2019 жылы әлемде бір жарым миллиард адам шетелге саяхаттаған. Пандемияға дейін туризмнен түскен табыс жаһандық жалпы ішкі өнімнің 7 пайызын қамтып келді.



**Шығыс Африкада 15 млн адам тойып тамақ ішпейді.**

Мұнда аштық мәселесі ушығып барады, оған климаттың өзгеруі себеп. Соның салдарынан Эфиопия, Кения мен Сомалиде осымен төртінші маусым жаңбыр жаумай, қуаңшылық жайлады. ЮНИСЕФ өкілдерінің хабарлауынша, 7 миллионнан аса бала тойып тамақ ішпейді. Шығыс Африкадағы кейбір елдер құрғақшылықтан, енді бір бөлігі су тасқынынан зардап шегіп жатыр.



## ТАБИҒИ-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ САЯБАҚ САЛЫНАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Урбанистика орталығы Есіл өзенінің бойындағы қоғамдық кеңістікті абаттандыру тұжырымдамасын әзірлеу бойынша конкурс жариялады.



Байқауға қатысуға Қазақстанның сәулетшілері, ландшафттық дизайнерлері мен урбанистері шақырылады.

Бұл байқаудың негізгі мақсаты – Қазақстандағы түрлі конфессиялар мен ұлттар арасындағы ынтымақтастықты, достық пен бірлікті білдіретін табиғи-рекреациялық саябақ салу.

Эскиздік ұсыныстар 2022 жылдың 20 тамызына дейін centerofurbanism@gmail.com электронды поштасы арқылы «конкурс» белгісімен қабылданады.

Байқау жеңімпазы ақшалай сыйлықпен марапатталады. Жұмыстарды әзірлеу мен рәсімдеуге қойылатын талаптар мен концептуалды міндеттер байқаудың техникалық тапсырмасында көрсетілген, оларды @centerofurbanism Instagram-парақшасындағы профиль тақырыбындағы сілтеме бойынша жүктеуге болады.

## БАЛАЛАР ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНЫП ЖҮР?

Мектепте тамақтануды жақсы ұйымдастыру – уақытының көбін мектепте өткізетін оқушы үшін денсаулығын жақсартудың кепілі. Толыққанды тамақтану көптеген аурудың алдын алып, баланың оқуға үлгерімін, ынтасын дамытып, заманға сай өмірге бейімделуіне жақсы әсер етеді.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Ал бала жас кезінде жеткіліксіз тамақтанса, оның дене бітімі дамуын тежеп, ауруына, зат алмасу жүйесіне әсер етіп, ағзасы мен дене бітімінде өзгерістерге әкеліп соғуы ықтимал.

Жуырда Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатында осы мәселені мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында қозғады.

– Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастырудағы мемлекеттік органдар мен басқа да жауапты тұлғалардың жауапкершілік деңгейі төмен, оң қозғалыс жоқ, – деді Е.Каналимов өз сөзінде.

Бұл саладағы түйткілді мәселелер жүйелі сипатқа ие және өз шешімін таппай келеді. Бұл жағдай 1-4-сынып оқушылары мен әлеуметтік осал санаттағы балаларды тегін тамақтандыруға бөлінген сома қомақты екеніне қарамастан орын алып тұр. Оқушы-

лардың жартысына жуығы мектеп асханаларында тамақ ішпейді. Көбінесе тағам дәмді емес немесе төмен калориялы болғандықтан, балалар оны ұнатпайды.

Әзірге таңғы және түскі астың сапасын жақсарту үшін алгоритм әзірленбеген. Мектеп асханаларында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер жүйелі жұмыс атқармауда. Мәслихат хатшысы елордалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында мектеп асханаларын тек тамақ пісіріп қана қоймай, қала тұрғындары арасында танымал азық-түлік желілерінің сенімгерлік басқаруына беру мәселесін пысықтауды тапсырды.

– Дәмді тағам дайындаумен қатар, инфрақұрылымды – жабдықтарды алып, асханаларға инвестициялауды, балаларымыздың тамақтануын әртараптандыру және жақсартуды тапсырдым. Бұл ретте нысаналы мақсатын өзгерт-

пей, 5 жылдан аспайтын мерзімге беру керек деп есептеймін, – деді мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов.

Салауатты өмір салты дегеніміздің бір бөлігі дұрыс тамақтану екенін көптеген оқушылар біле бермейді. Оқушылардың тамақтануының негізгі мәселесі мектептен тыс кезде тамақ қабылдау кестесін бұзумен байланысты. Олар пайдасынан зияны көп чипсы, фаст-фуд, қытырлауық, көмпит, шоколад, батончик жеп, ағзасына кесел келтіреді. Денсаулыққа пайдалы тамақтану – бақытты, ұзақ өмір сүрудің кепілі. Денсаулық – адамның негізгі құндылығы, оның бүгінгі қоғам өміріндегі орнын айқындайтын маңызды фактор. Әсіресе, оқушылардың дұрыс тамақтануын қадағалау мәслихат, әкімдік тарапынан білім ұйымдарындағы оқушылар тамақтануына қатысты мониторинг жасап, нақты іс-шаралар қабылдау болашағымызға қылған қызмет болары даусыз.



## ӨШПЕС ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Даңқты ұшқыштың рухын көтерген шарада Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Халық қаһарманы, армия генералы Мұхтар Алтынбаев батырдың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Іс-шараға қатысқан қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры Тоқтар Әубәкіров көк жүзінде ерліктің ерекше үлгісін көрсеткен,

аты аңызға айналған біртуар тұлға туралы айтып берді.

«Талғат Бигелдинов – Екінші дүниежүзілік соғыста өшпес ерлік көрсетіп, небәрі 23 жасында екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанып, еліміздің мәртебесін биікке көтерген біртуар азамат. Оның қайталанбас ерлігі – өскелең ұрпақ үшін үлгі. Ол – қазақ халқы, Қазақстанның бүкіл әлемге танытқан, мәртебесін арттырған ұлы тұлға. Біз осындай батыры бар бақытты халықпыз» деді Тоқтар Әубәкіров.

## БАУЫРЛАС ҚАЛАЛАР БАЙЛАНЫСЫ НЫҒАЯДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Иорданияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Юсуф Абдулганимен кездесті.

Кездесуде алдағы 2023 жылға арналған Нұр-Сұлтан және Амман арасындағы бірлескен жобалар, мәдениет саласындағы ынтымақтастықты кеңейту және туризм мәселелері талқыланып, тиісті жоспар құрылды.

Нұр-Сұлтан және Амман – бауырлас қалалар. Қос шаһар арасында эконо-

микалық және мәдени байланыстар жылдан-жылға нығайтып келеді. Оның айқын көрінісі – Аммандағы Астана және Нұрсұлтан Назарбаев көшелері. Ал Қазақстан астана-сында Амман және дүниеден озған Иордания королі Хусейн бен Талал көшелері бар.

## ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстанның Азаматтық альянсы кеңсесінде «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту» тақырыбында пікірталас өтті.

Диалог алаңында спикерлер «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасына тұжырымдама, Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың перспективалық көрінісі, Германиядағы жергілікті

өзін-өзі басқарудың даму тәжірибесі сияқты тақырыптарды талқылады.

Бүгінде Қазақстанда 2000-нан астам жергілікті қауымдастық бар. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы мәслихаттардың рөлін елеулі түрде

өзгертуге арналған, жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс базасы қазіргі 6-дан 2024 жылы 13-ке дейін ұлғаяды.

Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева Мемлекет басшысының билікті орталықсыздандыру үдерісін одан әрі тереңдетпей, табысты саяси жаңғырту мен азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес екенін ерекше атап өтті.

Мексикада 14-қабаттан құлаған әйел адам аман қалды.

Мексикада еден жуушы Монтеррей қаласындағы құрылыс жүріп жатқан ғимараттың 14-қабатынан құлап, аман қалды. Белгілі болғанындай, әйел тұрған уақытша қызметтік еден құлап кеткен. Ол 30 метрдей тереңдікке құлдыраған. Зардап шеккен әйел тез арада ауруханаға жеткізіліп, оған тиісті медициналық көмек көрсетілген.



Әлемде сәбилердің тек 44 пайызы ана сүтін емеді.

«Жаһандық дағдарыс миллиондаған сәби мен баланың денсаулығына қауіп төндіріп отыр. Мұндай жағдайда ең тиімді шешім – емізу» дейді ДДҰ. Дүниежүзілік бала емізу апталығы аясында ЮНИСЕФ және ДДҰ үкіметтерді, әсіресе төтенше жағдайда өмір сүретін отбасылар үшін емізу бағдарламасын қолдауға көбірек ресурс бөлуге шақырады. Ана сүті аурудан және аштықтан қорғайды.

## БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

05.08.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	Астаналық базар	«Төтенше базары»	«Шалғат» базары	«Шарқын» базары
Бірінші сортты бидай ұны	335	260	230	200
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	100	120
Макарон өнімдері	450	230	360	350
Қарақұмық жармасы	680	520	555	600
Тазартылған күріш	480	405	410	420
Картоп	250	240	220	200
Сәбіз	300	222	190	180
Пияз	330	320	320	250
Қырыққабат	200	90	130	100
Қант	850	470	650	700
Күнбағыс майы	900	780	910	750
Сыыр еті	2750	2550	2400	2500
Тауық еті	1700	1300	1300	1150
Пастерленген сүт	540	305	295	350
Айран	350	305	310	310
Сары май	420	605	3000	850
Тауық жұмыртқасы	46	46	40	120
Ас тұзы	80	52	80	60
Сүзбе	950	843	1185	900





## ТӨЛ МЕРЕКЕҢМЕН, ТЕМІРЖОЛШЫ!

Райхан  
РАХМЕТОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

**Б**ИЫЛҒЫ ТӨЛ мерекені теміржолшылар «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 25 жылдығымен қатар ерекше жағдайда атап өтуде. 1997 жылы Үкімет шешімімен Алматы, Тьң және Батыс Қазақстан темір жол басқармалары базасында «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылып, Қазақстандағы барлық темір жолдарды біртұтас етіп біріктірді. Дәл осы күннен бастап «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының жаңа тарихы жазыла бастады.

Компанияның 25 жылдық тарихында ең алдымен ауызға алынатыны, осы уақыт аралығында 2,5 мың шақырым теміржол салынғаны. ҚТЖ құрылған соң құрылыс басталған Ақсу-Дегелең, Хромтау-Алтынсарин, Шар-Өскемен, Өзен-Түркіменстан, Арқалық-Шұбаркөл, Қорғас-Жетіген, Бейнеу-Жезқазған, Боржақты-Ерсай, «Алматы-Шу» екінші теміржолдары құрылысы елдің көліктік-транзиттік әлеуеті мен қуатын ондаған есеге өсірді. Бүгінде әрқайсысының ұлттық көлік жүйесін құрылымдау мен жасақтауда өзіндік рөлі бар. Қазақстанның орасан зор көліктік әлеуетін, транзиттік мүмкіндігін әлемге паш етіп отырған бұл магистральдардың еліміз үшін маңызы ұшан-теңіз, сан ғасырлар бойы болашақ үшін қызмет ететін болмақ.



Биылғы көлік қызметкерлері күніне орай компанияда қызмет ететін 1684 адам түрлі марапаттарға ие болды. Соның ішінде саланың ең жоғарғы кәсіби марапаты – «Құрметті теміржолшы» белгісімен 81 адам марапатталды. Одан басқа «Кәсібі бойынша үздік», «Үздік басшы», «Адал еңбегі үшін» төсбелгісін алатын қызметкерлер қатары да қалың. 48 теміржолшы «Үздік мамандар» құрмет тақтасынан орын алса, тағы бір топ сала қызметкері «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының құрмет грамотасы мен алғыс хатына ие болды. Сондай-ақ «ҚТЖ-25 жыл» арнайы мерекелік төс белгісі де бірқатар теміржолшыларға табысталды.

– Бүгінгі таңда ел экономикасын алға сүйреген локомотив деген атқа лайық, еліміздегі ең ірі ұлттық компанияда жүз мыңнан астам теміржолшы еңбек етеді. Теміржол қызмет-

керлеріне салаға сіңірген адал еңбегі мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапкершілігі, ерлікпен пара-пар қайраты мен қаһармандығы үшін шын жүректен алғысымды білдіре отырып, отбасыларына амандық пен саулық, еңбек жемісі мен толағай табыс тілеймін! – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев.

Мереке қарсаңында марапатталғандардың ішінде Астана белгі беру және байланыс дистанциясының радио байланыс электр механигі Абай Шигибаев Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің Құрмет грамотасына ие болды. Ресейде радиомеханика саласында білім алған ол 2006 жылы елордаға көшіп келген бойда осы дистанцияға жұмысқа кірген болатын. Содан бері астана теміржолындағы байланыс құралдарының ақаусыз жұмыс

істеуіне жауап береді.

– Қала әкімдігі тарапынан марапатқа ие болғаным өте қуаныштымын. Мұндай марапатты бірінші рет алып отырмын. Байланыс құрылғыларын, дауыс күшейткіш құралдарын жөндеумен айналысамын. Салада бірнеше оқу орнын тамамдағанмын. Бала кезден физика пәніне қатты қызығып, электроникаға әуес болдым. Ақыры сол қызығушылығым мені теміржолға әкелді, – дейді марапат иесі.

Теміржолдағы ең беделді марапат – «Құрметті теміржолшы» төс белгісін алғандардың бірі «Ақмола магистральдық желі филиалы» Астана белгі беру және байланыс дистанциясының сигнал беру, орталықтандыру және блоктау электр монтері Бекболат Молдашев та мереке қарсаңында марапатын ұлттық компанияның басқарма басшысының қолынан алды. Биылғы мерейтойға орай ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі К. Өскенбаевтың қатысуымен барлық марапатталған теміржолшыларға арналған салтанатты жиын елордада «Астана опера» театрында кең ауқымда аталып өтті.

Өткен жылы компания негізгі өндірістік көрсеткіш саналатын жүк айналымын пайдалану бойынша Тәуелсіздік жылдарында тарихта болмаған ең жоғары межеге қол жеткізді, яғни бұл көрсеткіш – 239 млрд тонна км-ді құрады. Былтыр Қазақстан аумағы арқылы 1 миллионнан астам жүк тиелген транзиттік контейнерлер жүріп өтті. Биыл қаңтар-шілде айларында ҚТЖ желісі бойынша 147 млн тоннадан астам жүк тасымалданған. Соның ішінде ішкі тасымал көлемі 2,7%-ға дейін өсіп, 97,8 млн тонна, ал экспорттық тасымал 49,7 млн тонна жүк болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің транзиттік әлеуетін арттыру үшін қажетті жағдайды жасау, көлік саласын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Жақында ол «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясын ұлттық көлік-логистика компаниясы ретінде трансформациялайтын уақыт келгенін мәлімдеген болатын. Бұл ҚТЖ-ның мандаты мен міндеттерін кеңейтуге, компанияға еліміздің көлік-транзит әлеуетін дамыту жұмыстарын кешенді түрде жүргізуге мүмкіндік береді.

## ҮЗДІК КӘСІПТІК БІЛІМ ҰЖЫМЫ ҚАЙСЫ?

Елордада үздік кәсіптік білім беру ұйымы анықталды.

Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 484 бұйрығына сәйкес 2022 жылғы 16 тамызда Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым» грантын беру қалалық конкурсы өтетінін хабарлайды.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдер және грантты беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларының 11-тармағында көрсетілген критерийлерге (рейтингтік көрсеткіштерге) сәйкес келетін конкурстық комиссияның қарауына материалдарды «Гранттар конкурсы» деген белгісі бар конвертте 2022 жылғы 8-12 тамыз аралығында Білім басқармасының кеңсесіне тапсыру қажет.

## МӘҢГІЛІК ЕЛ ДАҢҒЫЛЫ ШІНАРА ЖАБЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы қалалық Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасымен келісе отырып, Мәңгілік ел даңғылындағы жол төсемін жөндеуді бастады.

Жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 5-8 тамыз аралығында Мәңгілік ел даңғылының Алматы көшесінен Орынбор көшесіне дейінгі бөлігінде автокөлік құралдарының қозғалысы толығымен жабылады. Сонымен қатар, 8-12 тамыз аралығында Орынбор көшесінен Бұқар Жырау көшесіне дейінгі учаскеде даңғыл толығымен жабылады.

«Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында келтірілген тудырмау үшін қозғалыс бағыттарын алдын ала жоспарлауы қажет. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және жөндеу жұмыстарын жүргізуге түсіністікпен қарауды сұраймыз» делінген көлік басқармасының хабарламасында.



## ЖОЛ ЖҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАМАЙДЫ

Елордалық тәртіп сақшылары жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге жол қозғалысы ережесін бұзбауды ескертеді, деп хабарлады Elorda.info.

Қозғалыс қауіпсіздігін арттыру және жаяу жүргіншілердің, велосипедшілер мен самокатшылардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында елордалық полицейлер «Қауіпсіз жол» республикалық жедел алдын алу іс-шарасы аясында кешенді жұмыстар жүргізуде.

Полиция қызметкерлері бір күннің ішінде жаяу жүргіншілер, велосипедшілер және самокатшылар арасында 46 тәртіп бұзушыны анықтады. Барлық тәртіп бұзушылар ҚР ӘҚБК 615-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Жыл басынан бері елордада 13 мыңнан астам жаяу жүргінші және жол қозғалысы ережелерін бұзған 1 200-ге жуық велоси-

педші анықталды. Сондай-ақ, жедел алдын алу іс-шарасы барысында жаяу жүргіншілерге жол бермеген 222 жүргізуші анықталды. Тәртіп бұзушыларға қатысты ҚР ӘҚБК 600-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, 10 АЕК көлемінде айыппұл салынды. Жыл басынан бері жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін 1 900-ге жуық жүргізуші жауапкершілікке тартылды.

Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті жол қозғалысына қатысушыларға жолдың жүру бөлігін тек белгіленген жерден және бағдаршамның рұқсат беретін дабылына өтуді ескертеді. Сондай-ақ, тротуарда тұру және жаяу жүргіншілер өткелінен өту ережелерін бұзбауды сұрайды.





## ОЮ-ӨРНЕКТІ МАТАЛАР ӨНДІРЕДІ

Елордалық кәсіпкерлердің «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында биыл да 2-ден 5 млн теңгеге дейін грант алу байқауына қатысып, қайтарымсыз грантқа ие болғаны белгілі.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасы бойынша елорда әкімдігінің грантына ие болған кәсіпкердің бірі – Балнұр Ахметказиева. Ол ою-өрнектері бар маталар өндіріп, компанияның жаңа бағытын ашып, сұйық әйнектен бұйымдар жасау курсының білім беру орталығын кеңейту ісін қолға алды.

– 9 жылдық еңбек өтілімі бар дизайнермін, отбасым, ұлдарым бар. 9 жылдан бері тігін, резин-арт, матаға сурет салу, әшекей жасау сияқты көптеген іспен айналыстым. Сонымен қатар шәкірт тәрбиелеп, курс өткіземін. Оны өткізудегі басты мақсатымның бірі – үйде, декретте отырған аналардың дамуына көмектесу, – дейді Балнұр Ахметказиева.

«2021 жылы «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арқылы мемлекеттен 5 миллион теңге қайтарымсыз грант алдым. Сол қаражатқа матаға сурет салатын арнайы аппарат алып, мата шығарамын. Өзімнің коллекцияларымды да жасап жүрмін. Сол жобаның арқасында «Вопн помад» атты конкурста 2021 жылы Украина шеберлерімен бірлесіп, коллаборация жасау номинациясын ұтып алдым».

Кәсіпкер Балнұр өзінің принттарымен киімдер шығарады және оны қарапайым халыққа тиімді бағамен сатады. Бұл кәсіпкер ананың басқа дизайнерлерге қарағанда ерекшелігі десе де болады. Балнұрдың жасаған өнімдері қарапайым халықтың дизайнерлік дүниені тұтынуына мүмкіндік береді.




Елімізде биыл «2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру бағдарламасы» кешенді жоспары бекітілді. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру мақсатында әзірленген жоспар қазіргі таңда «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр. Осы бағдарлама шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі арқылы 5 млн теңгенің грантын түрлі саладағы кәсіпкерлер ұтып алып жатыр.

Райхан РАХМЕТОВА



## ҰЛТТЫҢ ИММУНДЫҚ ПОРТРЕТІ ҚАНДАЙ?

Солардың бірі – елордадағы «Онкооңалту ғылыми-клиникалық орталығы» ЖШС директоры, онколог дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, профессор Нұрлыбек Үдербаев. Ол интернет-портал арқылы өзінің «Immupod» авторлық технологиясы туралы деректер қалдырып, грант алуға қатысты. Бұл технология толықтай «Жалпы қан талдауы көрсеткіштерінің негізінде және иммунитетке әсер ететін тәуекел факторларын анықтау арқылы ағзаның иммундық жүйесін диагностикалау» немесе «Ұлттық иммундық портреті» деп аталады. Оны өзінің әріптесі, жоғары санатты онколог дәрігер, профессор Игорь Пономаревпен бірге ойлап тапты. Адамның иммундық жүйесіндегі олқылықтарды жалпы қан талдауы арқылы дереу анықтауға мүмкіндік беретін, әлемде баламасы жоқ жобаны олар медицина ғылымындағы ғажап жаңалық деп санайды. Себебі әлі ешбір елде бұлай биология, математика және медицинаның басын біріктірген бірде-бір технология жоқ. Медицинада 24 жылдық тәжірибесі бар дәрігер Нұрлыбек Нұрланұлы – 80 ғылыми жұмыстың авторы. Жобаны толық жасап шығаруға олар 2011 жылдан 2018 жылға дейінгі аралықта 7 жыл уақытын арнады. Сол кезеңде мыңдаған ғылыми еңбектер ақтарылды, біраз маңдай тер төгілді. Әуелі авторлар өздерінің қан талдауы нәтижелерін енгізу арқылы техно-



логияның қалай жұмыс істейтінін зерттеді. Басында бәрін қолмен есептеді, 2021 жылы ғана бұл жобаның интернеттегі нұсқасын әзірлеп, оны кез келген Қазақстан азаматының тегін пайдалануына мүмкіндік ашты.

– Жалпы қан талдауы арқылы денсаулық жағдайыңыздың қай деңгейде екенін түсіну үшін сізге дәрігер қабылдауына жазылып, кезегіңізді ұзақ күтуге тура келеді. Ал біздің жоба арқылы уақытыңызды үнемдеп, ешқандай маманның көмегіне қолданатын Қазақстандықтар тым аз болды. Бұл жобаны қолдану біздің елімізде ғана ақысыз, ал шетелдіктер 10 АҚШ долларын төлеп кірсе де, бұл тексеруден өзіміздің азаматтарға қарағанда жиі өтетінін көріп отырмыз. Бұлай болғаны, әрине, өкінішті-ақ. Денсаулық сақтау саласынан да мүлдем қолдау таппадық. Тек осы «Бизнестің жол картасы» арқылы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінен 5 млн теңге грант ұтып алып отырмыз. Бізге ақша негізінде жарнама үшін қажет еді. Алайда бағдарлама шарты бойынша бұл қаржыны тек компьютер, принтер, жиһаз секілді қажетті жабдықтар алуға ғана

жұмсай алады екенбіз. Сонда да болса бұл бізге үлкен қолдау. Жоба арқылы біз бүкіл Қазақстандағы халықтың денсаулық жағдайының картасын жасап беруге болатынын батыл айта аламыз. Бұл денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік емдеу мекемелеріне түсіп жатқан жүктемені айтарлықтай азайтар еді, – дейді Н. Үдербаев.

Авторлық технологияның тағы бір артықшылығы – иммундық жүйеңіз қалыпты нормадан төмендеп кетсе, бұл қатерлі дерттің басталуына негіз бар дегенді білдіреді, ал асып кетсе аллергияция басталғанының белгісі. Ішіп жүрген дәрі немесе биологиялық белсенді қоспалардың да қаншалықты тиімділігі бар-жоғын да анықтауға болады. «Егер сіздің иммундық жүйеңіз төмен болса екепке салдырудың қажеті жоқ, тым салмақ салуға да болмайды. Ал қазір адамдар ешқандай тексеруіс барып екепке салдырып жатыр, тіпті олар қалай тексерілу керектігін де білмейді. Ал бұл жүйе сізге барлық көрсеткіштеріңізді санмен айтып береді», – дейді дәрігер.

Жоба авторларын өздерінің шақырып, «құда» түсіп жүрген, қолдап, демеуге дайын шет елдер көп. Бірақ дәрігерлер ғылымның жемісін өз Отанымызға берейік, туған еліміздегі ұлт саулығын түзеуге атсалысайық деп ешқайда кетпей отыр.

## МЕН – ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРМІН

Мектепте 20 жыл ұстаздық етіп, бүгінде 4 бала тәрбиелеп отырмын. Адам баласы болған соң, мен де өмірімде көптеген қиындықтарды бастан өткердім. Қаржылық қиындықтардың қос бүйірімізден қысқан кездері де болды.

Өйткені әр баланың өз қажеттіліктері мен бейімі бар, жаны ұнатқан ісі болатыны анық. Соны қолдасам деймін. Мұғалімнің бір жалақысы бәріне жетпейтінін түсіндім, содан кейін өз кәсібімді ашу идеясы келді. Нәтижесінде «Бастау Бизнес» жобасы бойынша білім алып, 505 000 теңге грант ұтып алдым, массаж бөлмесін аштым. Бірақ бұл оқиға COVID-19 індетінің шарықтау шегіне тұспа-тұс келді. Амал жоқ карантинге жабылуға мәжбүр болдық.

Сонда да үмітімді үзбей, ақша табудың басқа жолдарын іздей



бастадым. Нәтижесінде «Бизнестің жол картасы-2025» гранты бойынша конкурсқа қатысып, мемлекет грантына ие болып, «Bilim all IT» білім беру орталығын аштым.

Өйткені ұлымның Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсуі үшін қажетті балл жинай алмағаны есімде еді. Артық ақшамыз болса, оқу курстарына түсуге мүмкіндігіміз болар еді деп маған ренжіп келді.

Осы оқиғадан кейін ол халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балаларға қолжетімді, кейде тегін білім алуға көмектесу үшін білім беру орталығын ашуды ұйғардым. Қазір мүмкіндігі шектеулі және көп балалы отбасынан шыққан балаларды тегін оқытамын. Ашылғаннан кейін орталыққа 300-ден астам бала жазылды, бұл шағын кәсіпорын үшін жақсы көрсеткіш.

Өз кәсібін ашқысы келетін қыз-келіншектерге бастауға ешқашан кеш емес. Әрекет еткен адам табысты болады. Өзін-өзі сыйлап, сүюді үйренген адам әлемді сүйе бастайды. Осы жерде өзімді мысалға келтірейін. Мен өз мансабымда ешқандай тәжірибесіз үлкен жетістіктерге жеттім. 2010 жылы «Жылдың үздік ұстазы» атағын жеңіп алдым. 2011 жылы министрдің «Үздік ұстаз» сыйлығын, «Анапат» партиясының, облыстық, қалалық білім басқармаларының және қала әкімінің Алғыс хаттарын алып қуандым. 2021 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық Алғысы» медалімен марапаттады. Сөз соңында айтарым, біз бағындырмайтын асулар жоқ. Мен әрбір әйелге өзіңізге сеніңіз, үйреніңіз деймін. Иә, бұл қарапайым және әдемі естіледі, бірақ уақыт ағымына ілесу үшін өз бетіңізбен жұмыс істеп, өзіңізді жетілдіріп, кейде одан да озып кету керек. Егер сіз кәсіпкер әйел болсаңыз, кәсібіңіз Сізді барлығынан оқ бойы озық болуға міндеттейді дегім келеді.

Ұлжан МЫРЗАГЕЛДИЕВА



№92 (4370) 06/08/2022 Сенбі

Украина-Ресей арасындағы әскери қақтығыстың салдарынан солтүстіктегі көрші ел тұрғындары бізге де қоныс аударуда. Уақытша ма, біржола ма, белгісіз. Дерек көздеріне сенсек, 2022 жылдың 24 ақпаны мен 11 сәуір аралығында көрші елден 130 мың азамат келіпті. Бұл дегеніңіз, соңғы екі жылдың наурыз айында жеке сәйкестендіру нөмірін алған ресейліктер саны 14 есе өскенін көрсетеді.

### ШЕКАРА СЕЛДІРЕП ҚАЛМАСЫН

Көш мәселесін реттеу керек. Ішкі миграцияға мемлекеттік деңгейде мән беру маңызды.

Көш. Бұл сөз – халқымыз үшін қасиетті ұғым, қастерлі сөз. Қадым замандардан алаш жұрты Ұлы дала елінде көшіп-қонып, елдігін сақтады. Тәуелсіздіктің тағы атқалы жаһан қазақтары атажұртқа бет түзеді.

XX ғасырдың 60-80-жылдары алғашқы көшке Өзбекстан, Тәжікстан, Моңғолия және Қытайдан атақонысты аңсап келген қандастар қосылды. Сосын тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Түркия, Иран, Ауғанстан, Ресей және жоғарыда аталған елдерден көш қозғалып, елге ел қосылып, құт-берекеміз арта түсті.

Ақмола елдіктің орталығы ретінде таңдалып, көш жаңғыра түсті. Осылайша, ішкі миграцияның арқасында Нұр-Сұлтан қаласы қазақы қалыпқа енді. Ширек ғасырға толмайтын уақыт аралығында тұрғындары миллионнан асып жығылды. Алайда солтүстік пен шығыстағы облыстарды қосымша жұмыс күшімен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінен әлі түскен жоқ.

Көштің ішінде ондаған жылдар мен де болыптын. Білім іздеп, Павлодар даласына аяқ тиді. Жоғары мектепке түскен жылдары (2003-2007 жылы) қазақ тілінде тілдесетін дүкеншіні іздеп, қаланы шарлайтынымыз бар-тұғын. Уақыт өте келе сатушылар қазақ тілінде сөйлей бастады. Оған Өзбекстан мен Моңғолиядан келген қандастардың үлес салмағы артуы себеп болғаны ақиқат. Ал қызметке араласқан жылдары рухты жастардың саны артып, кез келген қоғамдық орындарда қазақ тілін үстемдігі орнай бастағаны қуантатын. Бірақ ондағы славян ұлт өкілдерінің өмірге көзқарасы бөлек. Олар болашағын қоғамдық және гуманитарлық саламен байланыстырмайды. Төрт жыл университет қабырғасында уақыт жоғалтқанды да құптамайды. Колледжде техникалық білім алып, зауытта жұмыс істеп, табысты болудың жолын табады. Сосын қос-қостан жылжымайтын мүлік (пәтер және т. б.) алып, оны қазақтарға жалға береді.

Үкімет «Серпін» бағдарламасы арқылы оңтүстіктегі жастардың техникалық білім игеріп, зауыт-фабрикаға мамандар дайындап жатқанының сыры осында. Алайда талай «серпіндік» жастар жоғары білім алғаннан кейін оңтүстікке қайтып, жұмыссыздар санын көбейтіп жүргені жасырын емес. Шекаралық аудандарды дамыту мемлекеттік қауіпсіздік тұрғысынан өте маңызды. Бұл тұрасында Парламент Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров:

– Қазір әлемде геосаяси жағдай сан құбылып тұр. Осындай өтпелі кезеңде елдің тұтастығын сақтауда шекаралық аудандардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру өте маңызды. Ол үшін тұрғындардың шағын және орта бизнеспен шұғылданып, ауыл шаруашылығымен айналысуына жеңілдік беру керек.



Фото интернеттен алынды

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА 1 ШАРШЫ ШАҚЫРЫМ ЖЕРДЕ ХАЛЫҚ ТЫҒЫЗДЫҒЫ 20,7 АДАМ БОЛСА, ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА 1 ШАРШЫ ШАҚЫРЫМ ЖЕРГЕ 4,5 АДАМНАН КЕЛЕДІ**

Бүгінде «Жаңа Қазақстан» тіркесі трендке айналып, Үкімет елді өркендетудің тың өрісін іздеуде. Дұрыс, өркеніет көшінде өз орнымызды таппай, тәуелсіздікті нығайту қиын. Бұл – анық. Ал тәуелсіздікті тұғырлы етудің жолы қандай? Әрине, халықтың әлеуметтік әлеуетін арттыру жолында шағын және орта бизнесті дамыту, салық көздерін арттыру және т. б. кешенді жұмыстар бар. Одан да маңыздысы өңірлердің біркелкі дамуын қамтамасыз ету керек-ақ. Демографтардың мәліметінше, 2050 жылға қарай солтүстік өңірлеріндегі халық саны миллион адамға қысқарып, керісінше, оңтүстікте 5,2 миллионға өсуі мүмкін. Бұл дегеніміз, солтүстіктегі шұрайлы жерлерге сырт көз сұқтана қарап, иелік етуге талпынатыны анық.

## ІРГЕНДІ ҚЫМТАМАСАҢ, ҚАУІП КЕЛЕДІ

Әлеуметтік сала қызметкерлері – мұғалім, дәрігер, мәдениет саласы қызметкерлеріне «шекаралық аймақ үстемдігі» төлеуді қарастырып, әлеуметтік инфрақұрылым – ауылдарлық және ауылшілік жолдарды жөндеу, ұялы байланыс пен интернетке қолжетімділікті қалыптастыруды шешу маңызды. Бастысы, мектептердің материалдық-техникалық базасын заманауи талаптарға сай етіп, мұғалімдердің біліктілігін арттырып, медициналық амбулатория мен бекеттердің жұмысын жүйелеу – өмірлік маңызға ие шаруа. Ал мұның бәрін жүзеге асыруда «Шекаралық аудандарды дамыту» туралы арнайы заң қабылдау керек, – деп ойын білдірді.

### ІШКІ МИГРАЦИЯНЫ РЕТТЕУ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?

Енді ішкі миграция мәселесі қайдан шықты? Соған тоқталсақ. Болжам бойынша 2030 жылға қарай халық саны 20,3 млн адамды құрамақ. Оның 60 пайызға жуығы оңтүстік облыстар – Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облысы және Нұр-Сұлтан мен Алматы қаласына шоғырланады. Осы кезеңде Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облысында халық саны кеми түседі.

Мұны екі халық санағының арасында аймақтардың табиғи өсімінен-ақ байқауға болады. Мәселен, Павлодар облысында 85,6 пайыз, Ақмола облысында 78,6 пайызға төмендеген. Тек Атырау, Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облысында халықтың дәстүрлі өсу тенденциясы сақталып отыр.

Бір анығы, Қазақстанның оңтүстік аймақтарында бала туу көрсеткіші жоғары. Солтүстік Қазақстанда жылына 7000 бала өмірге келсе, оңтүстікте бір перинаталдық орталықтың өзінде 8000 сәби туады екен. Оңтүстік пен солтүстіктің арасындағы бала туу көрсеткіші 10 еседен көп.

Қазір халқы тығыз орналасқан оңтүстік өңірлерде екі қолға бір күрек табу мәселесі өте өзекті. Мәселен, Түркістан облысында 1 шаршы шақырым жерде халық тығыздығы 20,7 адам болса, Қостанай облысында 1 шаршы шақырым жерге 4,5 адамнан келеді.

Оңтүстікте жұмыссыз адамдар саны артса, керісінше, солтүстік аймақтардың өндіріс орындары мен шаруа қожалықтарында жұмыс күші тапшы. Елдегі тепе-теңдікті реттеудің бірден-бір жолы – солтүстік облыстарға қоныс аудару. Бұл бағытта Павлодар, Қостанай, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облысы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жұмысқа шақырып та жатыр. Бірақ көшті көлікті, келісті дей алмаймыз. Оның себебі көп.

Біріншіден, солтүстіктегі аудан басшылары берілген жоспар-жобаны орындаса болғаны. Өйткені көшіп келушілер саны аудан әкімдерінің рейтингіне әсер етеді.

Екіншіден, оңтүстіктегі аудан басшылары кімдер көшіп кетіп жатыр, олар қоныс аударған жеріне сіңісіп кетті ме, онымен шаруасы жоқ. Міне, содан бір жыл өтпей-ақ қайтадан оңтүстігіне көшіп кеткені қаншама?!  
2021 жылы Павлодар облысының Успен ауданы мен Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы руханият, мәдениет саласында ынтымақтаса жұмыс істеді. Екі ауданның мәдениет қызметкері шығармашылық іссапарда болып, тәжірибе алмасты. Сонда жаңақорғандықтар солтүстіктегі шекаралық аймаққа барып, таңғалып қайтқан-ды. Сонда: «Успен ауданында бар-жоғы 11718 ғана халық тұрады. Онда бәрі бір-бірін танытын шығар» деп күледі екен (Қытайдың қазаққа қарата айтқан анекдотындай). Расында, бұл күлетін нәрсе емес.

Успен ауданының елді мекендерін аралағанымызда тұрғындармен тілдестік. Сонда байқағанымыз, ауылда қалғаны – егде кісілер. Жастардың басым көпшілігі Ресей Федерациясының Новосибирск, Барнауыл, Омбы және т. б. қалада білім алып, әрі қарай олар келешегін Қазақстанмен байланыстырмайтынын білдік.

Павлодар облысының Ресеймен шектесетін өзге аудандарында халқы осы шамалас, мәселесі ортақ. Мәселен, 2022 жылдың наурыз айындағы статистикалық мәлімет бойынша Павлодар облысының Железин ауданында – 14705, Ертіс ауданында – 15344, Қашыр ауданында 19157 адам тұрады.



Бір анығы, Қазақстанның оңтүстік аймақтарында бала туу көрсеткіші жоғары. Солтүстік Қазақстанда жылына 7000 бала өмірге келсе, оңтүстікте бір перинаталдық орталықтың өзінде 8000 сәби туады екен. Оңтүстік пен солтүстіктің арасындағы бала туу көрсеткіші 10 еседен көп

Оңтүстіктегі аудандардың өлшеммен салыстырғанда халқы саны тым аз. Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданында 86630 адам тұрады. Сыр өңіріндегі Шиелі, Қазалы, Арал ауданының халқы да осы шамалас.

Солтүстік, солтүстік-батыс және шығыстағы шекаралық аудандар халқының санын саралайтын болсақ, Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданында – 14705, Уәлиханов ауданында – 15561, Қостанай облысының Ұзынкөл ауданында – 19406, Денисов ауданында – 17146, Ақтөбе облысының Қобда ауданында – 18311, Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында 22319 адам тұрады.

Енді қызықты қараңыз, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы халық саны – 302893 адам. Бұл – Қазақстан аудандарының арасында халық саны бойынша ең жоғары көрсеткіш. Ауданның жер көлемі – 8,3 мың шаршы шақырым. Халық тығыздығы – 1 шаршы шақырымға 36 адам. Салыстырып көрейік, Қостанай облысында 196 мың шаршы шақырымға – 4,5, Солтүстік Қазақстан облысында 98 мың шаршы шақырымға – 5,7, Пав-

лодар облысында 124,8 мың шаршы шақырымға 6 адамнан келеді.

Жамбыл облысы Байзақ ауданының жалпы жер көлемі 4,5 мың шаршы шақырым болса, халық саны – 111243. Түркістан облысы Сарыағаш ауданының жалпы жер көлемі – 7,6 мың шаршы шақырым, халық саны – 324299. Бізге 2022 жылдың наурыз айындағы статистикалық көрсеткіштері осыны көрсетеді. Яғни оңтүстіктегі бір ғана Еңбекшіқазақ ауданы солтүстіктегі Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облысының шекаралық Успен, Қашыр, Железин, Ертіс, Шарбақты, Мамлют, Ақжар, Уәлиханов, Қызылжар, Мағжан Жұмабаев, Қарабалық, Жетіқара, Ұзынкөл, Денисов, Федоров, Меңдіқара ауданының халқынан көп. Міне, біздегі демографиялық тепе-теңдікті осыдан-ақ бағамдай беруге болады.

Жыл өткен сайын шекаралық аудандарды дамытып, ішкі миграцияны оңтайлы шешу мәселесі алдымыздан шыға береді. Өйткені бұл – мемлекеттік тұтастық пен тұрақтылықтың тұғыры.

### КӨШ КӨБЕЙСІН ДЕСЕК, ЖЕР БЕРЕЙІК

Сөз жоқ, бүгінде көшін солтүстікке түзейтін азаматтарға бірқатар жеңілдік қарастырылған. Көшудің жол шығынын өтейді, баспанамен қамтамасыз етеді, жұмысқа орналастырады және т. б. айту керек. Алайда бұл жеткілікті ме? Осы тұрасында біраз зерттеп, зерделедік.

Ең бірінші, солтүстікке көшкен әрбір адам әлеуметтік жағдайын дұрыстау үшін баратыны ақиқат. Ал ондағы жеңілдіктер қалыпты өмір сүріп кетуге жеткілікті ме? Жоқ. Неге десеңіз, бір реттік көмек көшіп барған жылы беріледі. Одан кейін ол сол жаққа бейімделіп, өмір сүріп кетуі тиіс. Оңтүстікте қыс бір-екі ай ғана болса, солтүстікте алты айға дейін созылады. Демек, жылы

аймақта қыста шығын аз болса, солтүстікте шығын екі-үш есе көп болады. Оның үстіне, суық аймаққа барғаннан кейін буын аурулары жиі мазалайтынын байқауға болады. Міне, осы бағытта мемлекет тарапынан арнайы әлеуметтік пакеттер ұсынылуы керек деп ойлаймыз. Сосын солтүстікке көшетін адамдарды ағайын-туысымен немесе достарымен қоныс аударуына жағдай жасаған абзал. Өйткені екі жақтың менталитеті екі түрлі. Осыны да ескерген дұрыс. Оңтүстіктен көшкен ағайын, сырттан келген қандас болса, ең әуелі жер сұрайды. Жер – тіршілік, байлық көзі. Ал басшылар жер мәселесіне келгенде амалсыздық танытып, көзімен жер шұқиды. Сондықтан қоныс аударған отандастарды жер телімімен, егістік алқаппен, жайылыммен қамтамасыз етуді Үкімет қолға алып, шешуі тиіс деп ойлаймыз.

Жалпы, шығыс, солтүстік, солтүстік-батыстағы шекаралық аудандарға көш түзеп, демографиялық тепе-теңдікті сақтауымыз тиіс. Онсыз елдің барлық өңірі біркелкі дамуы мүмкін емес. Бұл ойымызды қоғам белсендісі Бұрахан Дақанов қуаттады.

– Биыл Қазақстанда 3 миллионға тарта оқушы білім алуда. Соның 504000 астамы Түркістан облысында болса, Солтүстік Қазақстанда 75000 оқушы ғана. Ұлттардың арақатынасын, басқа да мәселелерді сараптай отырып, бір ғана сөз айтуға болады – солтүстікті Жаратушы ғана сақтап тұр. Көш мәселесіне дем беру мақсатында «Täueke!» қоғамдық ұйымын құрдық. Біздің бағдар айқын, ол – мемлекеттік бағдарлама аясында оңтүстіктегі азаматтарды жұмыс күші аз аймақтарға көшіру, шекаралық елді мекендерді дамыту кешенін әзірлеу және іске асыру, солтүстікке көшіп келушілерге жан-жақты жағдай жасап, ортаға тез бейімделіп кетуге үлес қосу, – деді Бұрахан.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

**P.S:** Қысқасы, шекаралық аймақтарда халық санын арттыруда сыртқы және ішкі миграцияны күшейту – аса маңызды іс. Айналып келгенде, бұл мемлекеттің қауіпсіздігі үшін қажет. Міне, «Жаңа Қазақстанда» шекаралық аймақтарды дамытуға мемлекеттік деңгейде мән беру керек дегеніміздің себебі осы...





# БАС ҚАЛАНЫҢ 5 МЕШІТІ

Елордада күмбезі күнге шағылысып, мұнарасынан азан дауысы аспанға жететін мешіттер аз емес. Әрқайсысының орны да ерекше. Мұсылмандардың ғибадат үйі саналатын осы киелі орынға келушілер қатары жыл өткен сайын артуда. Әсіресе, қаланың орталығында орналасқан мешіттер ерекше көз тартады. Солардың негізгілеріне тоқталуды жөн көрдік.

орналасқан, мешіттің жалпы аумағы 17,7 мың шаршы метрді құрайды. Мешіт жобасы қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері мен ұлттық нақыштағы сәндік элементтері қолданыла отырып, классикалық ислам үлгісінде орындалған.

2012 жылдың 6 шілде күні салтанатты түрде ашылған имандылық ордасы үш қабаттан тұрады. Әр қабатта ғибадатхана залдары, неке қиюға және дәрет алуға арналған бөлмелер, құран оқуға және оқу-ағартушылық топтың сабақ оқуына арналған залдар, асхана бар. Мешітте ерлерге арналған 4 000 адамдық намаз залы, неке қию бөлмесі, кітапхана, әйелдерге арналған 1 000 орындық намаз залы, имам, наиб имам, азаншы бөлмелері орналасқан.

Мешіттің алдыңғы жағынан қабырғалары табиғи тастармен әрлендірілсе, темір-бетонды күмбездері металлмен көмкеріле өрілген. Оның биіктігі – 51, ені – 28,1 метр, жиегіндегі 8 күмбездің әрқайсысының ені 7,6 метр, ал вестибюль күмбезінің ені 15,2 метр.

Ғибадат үйінің айшықты келбетін 4 мұнара толықтырады. Олардың әрқайсысының биіктігі 77 метр. Мешітте 26 тірек бар, күмбез саны – 10, олардың диаметрлері – 10,45 метр. Жалпы құрылыс аумағы 18000 мың шаршы метрді құрайды. Сыйымдылығы – 12000 адам.

рғалары жартылай табиғи мәрмәрмен көмкерілген.

Ғимарат екі қабаттан тұрады. Бірінші қабатында Құран оқу бөлмесі, неке қию залы және ерлерге арналған намаз бөлмесі, ал екінші қабатында әйелдерге арналған намаз оқу залы мен дәріс бөлмесі бар. Мешіттің жанында оқу ғимараты, жатақхана және кітапхана орналасқан.

5000 адам сыятын мешіттің алтынмен апталған бас күмбезінің биіктігі – 43 м. болса, одан өзге 25 кіші күмбезі бар. Ғимарат барлығы 3930 шаршы метр аумақты алып жатыр. Ал, мешіт орналасқан жердің көлемі 6,7 гектар. Төрт жолдың торабында орын тепкен ғибадатхананың айналасы жасыл саябақпен қоршалған.

## «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕШІТІ

Орталық Азиядағы ең әдемі әрі ең үлкен күмбезді мешіт – «Әзірет Сұлтан» мешіті. Дәстүрлі ислам стилінде салынған ғибадат үйі Бейбітшілік және келісім, Тәуелсіздік сарайлары мен «Қазақ елі» монументі сынды айбынды нысандармен іргелес орналасқан.

Рухани орын 13 гектар жерді алып жатқан аумақта



## «СӘДУАҚАС ҚАЖЫ ҒЫЛМАНИ» МЕШІТІ

Ақмолалық жамағат 1943-1944 жылдары Құсайын деген азаматтың екі бөлмелі шағын үйін сатып алып, жөндеп мешіт еткен. Ол Ақмола өңіріндегі ең алғашқы мешіт болатын. Бұл мешіт жергілікті мұсылмандардың имандылыққа бет бұрып, өңірде Ислам дінінің қанат жаюы жолында жарты ғасырдан астам халық игіліне пайдаланылды.

Бүгінде ескі мешіттің орнында тұрған мешіттің құрылысы 1991 жылы басталып, 1996 жылы аяқталды. Ал, 2005 жылы Кеңес үкіметі тұсында 20 жыл (1952-1972) Қазақстан мұсылмандарының қазыы болған, Сарыарқа өңірінің тумасы, дін ғұламасы Садуақас қажы Ғылмани (Сәкен қалпе) аты берілді.

Екі қабатты мешіт құрылысы өзіндік сәулет үлгілерімен ерекшеленеді. Алыстан көз

тартатын 42 метрлік мұнарасы мен үлкенді-кішілі 5 күмбезі бар. Ең үлкен күмбездің биіктігі – 22,5, қалған төртеуінің биіктіктері – 14,5 метр. Бірінші қабатта үлкен зал, вестибюль, құран оқитын, неке қиятын және имам бөлмелері жайғасқан. Бұдан басқа мешіт ғимараты ішінде кітапхана, сундетке отырғызу кабинеті, сондай-ақ мешіт қызметкерлеріне арналған шағын асхана жұмыс істейді.

Намаз оқитын жамағаттың көбеюіне байланысты жыл сайын мешітті кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Қазір мешіт ішінде 1600 кісі емін-еркін намаз оқи алады.

## «ЫРЫСКЕЛДІ ҚАЖЫ» МЕШІТІ

750 адамға лайықталған елордадағы ерекше мешіттердің бірі – «Ырыскелді қажы» мешіті. Ерекше дейтін себебіміз, мешітте баламалы энергия көздері

қолданылады. Жоба авторы – Сағындық Жамболатов.

2018 жылы мамыр айында жамағатқа есігін айқара ашқан мешіт постмодерн стилінде салынған. Сырты дәстүрлі қазақи орнамент, сондай-ақ заманауи декор элементтерімен безендірілген. Сегіз қырлы 1 мұнарасы бар биіктігі 43,5 метрге жетеді. Күмбезі де – ерекше.

Жалпы аумағы 3695 шаршы метр болатын ғимарат қос қабаттан тұрады. Бірінші қабатында құран оқу бөлмесі, имамдардың кабинеті, бухгалтерия мен киім ілгіш орналаса, екінші қабаттағы ерлер мен әйелдер намаз оқитын 2 залда сабақ беретін қажетті құралдармен жабдықталған арнайы орындар бар. Неке қию залы да осында орналасқан.

## «ТӨЛЕБАЙ» МЕШІТІ

2004 жылы ашылған мешіттің алдыңғы жағында ақшыл көк түсті 2 мұнара бар. Әрқайсысының биіктігі – 47 метр. Мешіттің үстіндегі ақшыл көк түсті 5 күмбездің биіктігі – 17 метр.

Ғимарат үш қабаттан тұрады: бірінші қабатында Құран оқу бөлмесі, әйел адамдардың намаз оқитын залы (350 адамдық), қосалқы төрт бөлме, сауат ашушыларға арналған сынып, жұмыскерлерге арналған бөлме орналасқан. Екінші қабатындағы үлкен залда 700 ер адам намаз оқи алады. Үшінші қабаттың 192,5 шаршы метрді құрайтын балконнан тұрады. Онда шамамен 150 адам намаз оқи алады.

«Төлебай» мешітінің жалпы сыйымдылығы 1200-1300 адам.



«Национальная Торгово-Распределительная Сеть» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96-шы бабы және 26.10.2021 ж. Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережесі №425 бұйрыққа қосымшаның 41-т. талаптарына сәйкес, 2022 ж. 15-19 тамыз аралығында Бірыңғай экологиялық порталында (ecorportal.kz) «Қоршаған

ортаны қорғау» Бөлімі жобасы бойынша «Национальная Торгово-Распределительная Сеть» ЖШС арнайы халықтық талдау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Ескертулер мен ұсыныстар ұсынуға арналған Бірыңғай экологиялық порталында толық жобалық құжаттармен танысуға болады.

«Continental Logistics» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96-шы бабы және 26.10.2021 ж. Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережесі №425 бұйрыққа қосымшаның 41-т. талаптарына сәйкес, 2022 ж. 15-19 тамыз аралығында Бірыңғай экологиялық порталында (ecorportal.kz) «Қоршаған

ортаны қорғау» Бөлімі жобасы бойынша «Continental Logistics» ЖШС арнайы халықтық талдау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Ескертулер мен ұсыныстар ұсынуға арналған Бірыңғай экологиялық порталында толық жобалық құжаттармен танысуға болады.

«Астана-Энергия» акционерлік қоғамы «Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, 69-өткел, 18-ғимарат ЖЭО-2 мекен-жайында орналасқан «Астана-Энергия» АҚ ЖЭО-2 кірме темір жолдарының жоғарғы құрылысын толық ауыстыра отырып, күрделі жөндеу» жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша қоғамдық талқылауын өткізеді. Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: «Астана-Энергия» акционерлік қоғамы

ҚОҚ жобасының әзірлеуші: ЖҚ Баймаханова.; тел: 87079476947 эл.адрес: bgm-86@mail.ru. Жоба бойынша құжаттама сайтта орналастырылған бірыңғай экологиялық порталда – ecorportal.kz. Барлық ескертулер мен ұсыныстар 15 мен 22 тамыз аралығында қоғамдық талқылаулар өткізілетін күнге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай экологиялық порталға – ecorportal.kz жолдауға болады.



№92 (4370) 06/08/2022 Сенбі



## ҮКІЛІ ДОМБЫРА КҮМБІРІ

Елорданың Достық үйінде Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен «Үкілі домбыра» музыкалық кеші өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – дарынды балалар мен жасөспірімдерді қолдау, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру, туған елдің мәдени мұрасын зерттеу арқылы патриотизмді қалыптастыру.

Кешке Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, ақын Серікзат Дүйсенғазы және Қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушысы, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, домбырашы Досым Мақсұтов қатысты.

Жалпы білім беретін және му-

зыка мектептерінің оқушылары, этномәдени бірлестіктердің көркемдік ұжымдарының мүшелері, сондай-ақ 6 жастан 14 жасқа дейінгі барлық тілек білдірушілер өз таңдауы бойынша күйлерді орындады.

Іс-шара барысында Серікзат Дүйсенғазы төл аспабымыз домбыраның ерекшелігі мен маңызын, күй орындау өнері

туралы айтып берді. Кәсіби домбырашы Досым Мақсұтов домбырада ойнаудың қыр-сырымен бөлісіп, шеберлік сабағын өткізді.

Шара соңында барлық қатысушылар қонақтармен бірге Әбдімомун Желдібаевтың «Ерке сұлқым» және күй атасы – Құрманғазының «Балбырауын» күйлерін орындады.

## ТАРИХТЫҢ ҚАТАЛ САБАҚТАРЫ

Кеше «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының мемориалды мұражай кешенінде «Тарихтың қатал сабақтары» көрмесі ашылды. Аталмыш көрмені 12-тамызға дейін тамашалауға болады.

Көрмеге «Ұрпақтар ұмытпайды» халықаралық жобасының қатысушылары – саяси қуғын-сүргін құрбандары ұрпақтарының мұражай қорына тапсырған фотосуреттері мен мұрағаттық құжаттары ұсынылды. Тапсырған материалдар ішінде Хасен Нұрмұхамедов пен оның зайыбы, «АЛЖИР» тұтқыны Кира Берсеневаның, Мұхамедқали мен Шәкітай Тәгімовтардың, Шәкір мен Ғайнижамал Ғайсиндердің, Сұлхан Бағызбаеваның, Клара Брон мен Ента Лихтенштейннің жиынтық материалдары бар.

Сондай-ақ мұражай қоры «АЛЖИР»-де мерзімін өтеген Рита Алмазованың қызы Елена Алмазованың анасын еске алуға арналған «От топота копыт...» кітабымен толықты. Кітаптың тұсаукесері биылғы



26 маусымда Иерусалим қаласының (Израиль) Иерусалим орыс қалалық кітапханасында өткен еді. Астаналық мұражайға кітап Қазақстан Республикасының Израильдегі елшілігінің қолдауымен тапсырылды.

## АЗИЯ МЫҚТЫЛАРЫ АНЫҚТАЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Елордадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайында дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында Азия чемпионаты өтіп жатыр. Құрлық біріншілігіне 19 елден 200-ге жуық дзюдошы келді. Азияның ең мықты балуандары төрт күн бойы жекелей

дзюдошыларына жоғары жетістік тілей отыра, осы Азия чемпионатында еліміздің туын биікке көтеріп, әнұранымызды шырқатуларыңызға тілектеспін! Ең мықтылар жеңіске жетсін!» деді Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов жарыстың ашылу салтанатында.

Азия дзюдо одағының президенті Обайд әль-Анзи спортшылар мен жанкүйерлерге ілтипат танытып, құрметті қонақтарға естелік

ма сапындағы 18 спортшы қорғайды. Олардың арасында Олимпиада чемпиондары мен әлем біріншіліктерінің жүлдегерлері де бар.

IJF ережелері бойынша Азия чемпионатының медаль иегерлеріне олимпиадалық рейтингте ұпайлар қосылатын болады. Атап айтқанда, жеңімпаз 700 ұпай, күміс жүлдегер – 490 және қола жүлде – 350 ұпай алады.

Ал, чемпионаттың алғашқы екі күніндегі көрсеткіштерге



және аралас-командалық жарыстарда жеңімпаздарды анықтайтын болады.

Байрақты бәсекенің салтанатты ашылу рәсіміне Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Мәдениет және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев, Азия дзюдо одағының президенті Обайд әль-Анзи, Қазақстан дзюдо федерациясы президентінің міндетін атқарушы Асхат Житкеев және Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің бас директоры Серік Қасқабатов қатыстып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Құрметті спортшылар және жарыс қонақтары Нұр-Сұлтан қаласына қош келдіңіздер! Дзюдодан Азия чемпионаты елордамыздың тарихында бірінші рет өтіп отыр. Дзюдо жарысының өтуі спортшыларымыз үшін маңызды. Өйткені, осындай жарыстар спортшыларды шыңдауға мүмкіндік береді. Спортшыларға сәттілік тілеймін! Ал еліміздің

сыйлықтар табыстады. Жарысты ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Сонымен қатар Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің атынан Қазақстандағы Олимпиадалық қозғалысқа орасан зор үлес қосқаны үшін Азия дзюдо одағының президенті Обайд әль-Анзи арнайы төсбелгімен марапатталды.

Азия чемпионатында Қазақстан намысын ұлттық құра-

келсек, қазақ жанкүйерлерін қуанышқа бөледі деп айта аламыз. Атап айтқанда, әйелдер күресінде Абиба Абужақынова (48 келі) күміс жүлдегер атанса, ерлер бәсекесінде Мағжан Шамшадин (60 келі) мен Ғұсман Қығызбаев (66 келі) қос қоланы қоржынға салды.

Азия чемпионаты көрермендер үшін «Qazsport» арнасынан да көрсетіледі.



## ӘУЕН ТЫҢДАП, ДЕМАЛАСЫҢ

Бүгін елордада «Астана Операдағы» музыкалық демалыс» атты дәстүрге айналған жазғы концерт өтеді. «Астана Опера» театрында дарынды қазақстандық әртістер, халықаралық байқаулардың лауреаттары – республикамыздың жетекші шығармашылық жоғары оқу орындары мен шетелдің беделді білім ордаларында оқитын студенттер өнер көрсетеді.

Концерт қатысушылары – түрлі музыкалық жоғары оқу орындары: П.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясы, Н.Жиганов атындағы Қазан мемлекеттік консерваториясы, Вано

Сараджишвили атындағы Тбилиси мемлекеттік консерваториясы, Филадельфиядағы Темпл университеті (АҚШ), Conservatorio della Svizzera Italiana (Швейцария), Гнесиндер атындағы

Ресей музыка академиясы, Брюссель Корольдік консерваториясының (Бельгия) және басқа да білім ордаларының студенттері. Барлық жастар өз елдерін шетелдік алаңдарда таныстыра отыра, белсенді

концерттік қызметпен айналысады.

Атап айтқанда, скрипкашылар Эльнура Русланбекқызы, Диана Мақажан, виолончельші Ильхам Айымбетов, пианистер Клим Пак, Ильяс Өзбеков, Батырхан Сүлеймен, Әлия Асанова, флейташы Жаннет Тұяқова қатысады.

Жоба аясында Ф.Шопен, Н.Рота, М.Равель, Н.Капустиннің шығармалары орындалады.

**Баян АСЫЛБЕКОВА**

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС  
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлген ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300  
**Тапсырыс №92**  
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:**  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК  
astana.aqsham@gmail.com

📞 **Қабылдау бөлмесі:**  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

✉ **astana.akshamy@mail.ru**

Кезекші редактор – **Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**